

Жекелеген акционерлік қоғамдарға банктік қызмет көрсету мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 наурыздағы N 316 Қаулысы

Қаржы жүйесіндегі ақша ағынының біркелкі бөлінуін қамтамасыз ету, ұлттық компанияларға банктік қызмет көрсетудің сапасы мен сенімділігін жақсарту, жалпы тәуекелді төмендету мақсатында және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұсынымын ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен қосымшаға сәйкес акционерлік қоғамдардың (ұлттық компаниялардың) органдарына:

халықаралық стандарттарға көшірілетін 1-топтағы өзара аффилирленбеген отандық кемінде үш банкте ақша қалдықтарын орташа айлық есеппен әр банктегі жалпы қалдықтардың 25%-ін орналастыруды қамтамасыз ете отырып, белсенді операциялар бөлігінде банктік қызмет көрсетуге көшу туралы шешімдердің қабылдануын қ а м т а м а с ы з е т у д і ;

осы шарттарды 1999 жылдың сәуірінен бастап орындауды заңдарда белгіленген т ә р т і п п е н ұ с ы н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі осы қаулының орындалуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін және оның орындалуы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті баяндама ұсынатын болсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 9 ж ы л ғ ы 2 9 н а у р ы з д а ғ ы

N 3 1 6 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.06.28 N 702 , 2008.08.27 N 776 Қаулыларымен.

Қаражаттары бірінші топтағы банктерде орналастырылуға жататын акционерлік қоғамдардың (ұлттық компаниялардың)

Тізбесі

1. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" ЖАҚ
2. "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" ЖАҚ

3. "ЭйрҚазақстан" ЖАҚ
4. "Қазақстан темір жолы" РМК
5. "Қазақтелеком" ААҚ
6. "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" ЖАҚ
7. "КЕГОС" ААҚ
8. "ҚХЖБ-топ" ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы" ЖАҚ
9. (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.08.27 N 776 Қаулысымен).
10. "Қазақстан-Жібек жолы" ҰК
11. "Шаруашылық басқармасы" АҚ
12. "Резерв" РМК
13. "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" АҚ
14. "Аэронавигация" РМҚК